

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
INTERNATIONAL RELATIONS DEPARTMENT



1150 жыл

Әл-Фарабидің мерейтойы



«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года

MATERIALS

International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ
ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
INTERNATIONAL RELATIONS DEPARTMENT

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

атты студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, Қазақстан, 6-9 сәуір 2020 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции
студентов и молодых ученых

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

Алматы, Казахстан, 6-9 апреля 2020 года

MATERIALS

International Scientific Conference
of Students and Young Scientists

«FARABI ALEMI»

Almaty, Kazakhstan, April 6-9, 2020

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ПЕРСПЕКТИВЫ И ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЭНЕРГЕТИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА ЕС И ЕАЭС	
Юрлова Д.	144
ВЛИЯНИЕ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ РОССИИ И КИТАЯ НА ИНТЕГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ	
Сабуров Н.Т.	146

8-СЕКЦИЯ. G-GLOBAL: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ КӨКЖИЕКТЕРІ
СЕКЦИЯ 8. G-GLOBAL: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ
SECTION 8. G-GLOBAL: STATE AND PERSPECTIVES OF DEVELOPMENT

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ЗАЩИТЫ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА ПРИ ЧРЕЗВЫЧАЙНЫХ СИТУАЦИЯХ	
Сагандыкова А.	149
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ	
Турсынбаева А.	152
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ГЕНДІК ИНЖЕНЕРИЯНЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
Сұлтанғали Ш.	153
ТОРГОВАЯ ВОЙНА МЕЖДУ США И КИТАЕМ И ЕЕ РОЛЬ В МИРОВОЙ ЭКОНОМИКЕ	
Аладинская Д.	156
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ГРАЖДАНСКОЙ АВИАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	
Маевский Я.В.	159

**9-СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ МЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ
ҚҰҚЫҚТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ЖАС ҒАЛЫМДАР СЕКЦИЯСЫ**
**СЕКЦИЯ 9. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО И НАЦИОНАЛЬНОГО
ПРАВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. СЕКЦИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**
**SECTION 9. ACTUAL PROBLEMS OF INTERACTION BETWEEN INTERNATIONAL AND NATIONAL LAW
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN. SECTION FOR YOUNG SCIENTISTS**

PRINCIPLES OF LEGAL REGULATION OF GOVERNMENT PROCUREMENT	
Begzhan A.	161
ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ТОРГОВЛИ ЗЕРНОМ	
Ахметова А.	163
THE HISTORICAL ORIGINS OF HUMAN RIGHTS	
Abdelhamied El Rafie	165
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ САУДАСЫ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ШОЛУ	
Тлеубеков С.	167
FORMS OF REGIONAL COOPERATION OF STATES IN THE FIELD OF HUMAN RIGHTS	
Akhatbek S.	169
CULTURAL PROPERTY ASPECTS IN INTERNATIONAL LAW	
Акишева Н.	170
ACCEPTANCE IN ENGLISH LAW COMPARED WITH ACCEPTANCE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	
Sagimbekova M.	173
REGULATORY LEGAL FRAMEWORK AND LEGAL REGULATION BY INVESTMENT RESOURCES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	
Karibaeva Zh.	176
JOINT EFFORTS OF UNICEF, THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EUROPEAN UNION TO PROTECT THE RIGHTS OF CHILDREN IN MIGRATION PROCESSES	
Saktaganova A.	178
ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ТРУДОВОЙ ДИСКРИМИНАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН	
Анарова Р.	182
THE PRACTICE OF APPLYING PROTECTIVE MEASURES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN	
Киясова А.	188
INTERNATIONAL LEGAL REGULATION OF FINANCE RELATIONSHIPS: CASE DISCUSSION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA	
Riza Marhaba,	189
PROBLEMS OF COMBATING OF CRIMINAL OFFENSES IN THE FIELD OF INFORMATION AND COMMUNICATIONS: INTERNATIONAL LEGAL AND NATIONAL LEGAL ASPECTS OF HACKING EMAIL ACCOUNTS AND SOCIAL NETWORKS	
Pyassova F.	191
COMPARATIVE ANALYSIS OF THE IMPLEMENTATION OF THE HUMAN RIGHTS TO A FAVORABLE ENVIRONMENT IN KAZAKHSTAN AND SOUTH KOREA	
Medetova A.	192
ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДСҰ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ДАУЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	
Бакытқалиева А.	193
INTERNATIONAL LEGAL REGULATION OF CYBERCRIME	
Orazhan A.	196
ЕАЭС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ АСПЕКТІЛЕР	
Негматулла А.	197

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САУДА ҰЙЫМЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ӨНІМДЕРІ САУДАСЫ БОЙЫНША ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ШОЛУ

Тлеубеков С.,

*«Халықаралық құқық» мамандығының 1-курс докторанты
Ғылыми жетекші: проф., з.ғ.д. Айдарбаев С. Ж.*

Дүниежүзілік сауда ұйымын (әрі қарай – ДСҰ) құру туралы келісімі мемлекеттер арасындағы дауларды шешудегі жаңа дәуірдің басталуын білдіреді. Дауларды шешуді реттейтін ережелер мен рәсімдер туралы уағдаластығына (әрі қарай – ДШУ) сәйкес, ДСҰ мүшелері арасындағы сауда дауларын, аралық топ пен Апелляциялық органнан тұратын, ДСҰ-ның Дауларды шешу жөніндегі органы (әрі қарай – ДШО) қарастырады. Көптеген ғалымдардың пікірінше, ДШО-ның құрылуы ДСҰ құрудағы басты жаңартпаларының бірі болды [1].

ДСҰ нормалары мен қағидалары халықаралық сауда саласындағы құқықтық тәртіпті орнатуға, кемсітушілікке жол бермеуге, экономикалық және саяси жағдайларға қарамастан барлық мүшелердің мүдделерін қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған. ДСҰ дауларды шешу органы халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу үрдісіне зор үлесін қосады. ГАТТ және қазір ДСҰ, мемлекеттердің негізгі сауда-экономикалық мүдделеріне әсер ететін дауларды қарастырады. Дауларды шешудің халықаралық жүйесі бұрын-соңды мұндай көптеген қарастырылған және шешілген дауларды білмеген [2, 6 б.].

Бірқатар зерттеушілердің пікірі бойынша, Апелляциялық орган баяндамалары ДСҰ келісімдерінде бекітілген ДСҰ-ға мүше мемлекеттердің құқықтары мен міндеттемелеріне өзгерістер енгізуге әсерін тигізеді [3, 210 б.].

А.С. Смбалян айтуы бойынша, «аралық топтар мен Апелляциялық орган мүшелері ДСҰ-ның заңнамасын қолдануымен ғана шектелмейді. Олардың шешімдері бойынша олар халықаралық сауда нормалары мен қағидалараның мазмұнын айқындайды және негіздейді, жаңа тұжырымдар мен доктриналарын ұсынады, түсіндірмелері арқылы ДСҰ ережелерін халықаралық тыныстың өзгермелі жағдайларына бейімдейді» [4, 7 б.].

Қазақстан Республикасы ДСҰ мүшесі ретінде сауда-экономикалық қатынастарында өзінің мүддесін қорғауға және ДШО қызметіне қатысуына толықтай құқығы бар. Осы орайда, біз, ауыл шаруашылығы – Қазақстан экономикасының маңызды салаларының бірі екендігін, атап өткеніміз жөн. Агроөнеркәсіптік кешенінің, әсіресе мал шаруашылығының, біздің еліміз үшін экспорттық әлеуеті зор [5]. Алайда, кез келген сыртқы экономикалық қатынастар көптеген халықаралық стандарттарға және рәсімдерге сай болуы тиіс. Сондықтан, кез келген мемлекет халықаралық алаңда өз қызметін тиісті түрде орындап, және өз әрекеттеріне жауап бере алуы тиіс. А.С. Исполинов атап өткендей: «ДСҰ-ға жаңа және енді ғана дауларды шешу тәжірибесімен танысып жатқан қатысушылары үшін ДСҰ мүмкіндіктерін өз мүдделеріне пайдалануға тырысудағы неғұрлым прагматикалық тәсіл – осы жүйенің ерекшеліктерін саналы бағалау болар еді» [6, 26 б.]. Нәтижесінде, ет және ет өнімдері саудасына байланысты ДСҰ аясындағы дауларды шешу тәжірибесін зерделеу және талдауының өзектілігі зор болып табылады.

ДСҰ шеңберінде ДШО-ның ет дауларын қарастыруы өз бастауын 1996 жылдан алады. 2020 жылдың наурыз айына дейін, ДСҰ шеңберінде ет және ет өнімдері саудасы бойынша 37 дау қаралды [7].

Ет даулары бойынша, бүгінгі күнге дейін 8 дау екі жақты келісім бойынша реттелді немесе тоқтатылды, ал 6 дау кеңесу кезеңімен шектелсе, 2 дау аралық топ баяндамасымен шектелді. Сонымен қатар, 17 дау бойынша жауапкер ДШО баяндамасында көзделген ұсынымдарды толық немесе ішінара орындады. Қазіргі уақытта, 3 дау бойынша ДШО-ның ұсынымдарын орындау үрдісі жүріп жатыр, ал 2016 жылы басталған 37-ші ет дауы кеңесу кезеңінде жалғасып жатыр.

Жалпы алғанда, ет және ет өнімдеріне қатысты дауларда талапкер немесе жауапкер ретінде қатысқан мемлекеттерді атап өтсек, олар: АҚШ, Аргентина, Аустралия, Бразилия, Венгрия, Еуропалық Одақ, Жаңа Зеландия, Жапония, Индонезия, Канада, Қытай, Норвегия, Оңтүстік Африка Республикасы, Оңтүстік Корея, Польша, Ресей, Тайланд, Үндістан, Филиппиндер, Хорватия және Чехия.

Ет даулары бойынша ең белсенді қатысушы тараптар ретінде АҚШ және Еуропалық Одақты атап өтуге болады. АҚШ 15 ет дауларына қатысып, соның ішінде тоғыз рет талапкер және алты рет жауапкер болды. Еуропалық Одақ 16 дауға, бес рет талапкер және он бір рет жауапкер ретінде, қатысты. Мәселен, 2014 жылға дейін ДСҰ шеңберінде қарастырылған барлық даулардың 40%-ы АҚШ немесе Еуропалық Одақтың тікелей қатысуымен өткен [8, 195 б.].

Сондай-ақ, ет дауларындағы белсенділігі бойынша мемлекеттер арасында келесі орынды Бразилия мен Индонезия алып жатыр. Бразилия 6 дауға қатысып, алты рет те талапкер болса, ал Индонезия өзінің 7 дауында жеті рет жауапкер болып қатысты.

Қазақстан Республикасы ет және ет өнімдері саудасына қатысты дауларға тікелей талапкер немесе жауапкер ретінде әлі қатысқан жоқ. Алайда, Қазақстан ет дауы бойынша үшінші тарап ретінде бір рет қатысты. Мұнда WT/DS475 дауы бойынша, Еуропалық Одақ Ресей Федерациясына қарсы «Еуропалық Одақтан тірі шошқаларды, шошқа етін және шошқа өнімдерін импорттауы бойынша шаралар» тақырыбында шағымданды [9].

Даулардың тақырыптары келесі ет және ет өнімдері бойынша қарастырылды:

- ірі қара (сиыр) еті – 13 дау;
- қой еті – 2 дау;
- шошқа еті – 5 дау;
- құс еті – 14 дау;
- итбалық еті – 3 дау.

Мұнда айта кететін маңызды жайт, ет және ет өнімдері түрлері мен тізімі ДСҰ Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімінің 1-Қосымшасында көзделген Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесімен рәсімделген [10]. Мысалы, ет және ет өнімдеріне балық еті жатпайды. Сонымен қатар, ет және ет өнімдеріне қойылатын талаптардың бірі адам тұтынуға жарамды және қауіпсіз болуы тиіс.

Жоғарыда аталған дау тақырыптарын көздей отырып, ДСҰ келісімдерінің белгілі бір ережелерінің бұзылуы салдарынан мемлекеттер ДШО-ға жүгінген болатын. Ет даулары келесі ДСҰ келісімдерінің ережелеріне қатысты болды:

- Тарифтер және сауда жөніндегі Бас келісім (әрі қарай – ГАТТ);
- ДСҰ құру туралы келісімі;
- Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімі;
- Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімі;
- Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімі;
- Импорттық рұқсат беру рәсімдері жөніндегі келісімі;
- Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімі;
- Зияткерлік меншік құқығының сауда аспектілері жөніндегі келісімі;
- ГАТТ VI бабын қолдану жөніндегі келісім (Демпингке қарсы келісімі);
- ГАТТ VII бабын қолдану жөніндегі келісім (Кедендік бағалау туралы келісімі);
- Алдын-ала тиесп жөнелтудің тексеруі туралы келісімі.

Мұнда ет дауларында ең жиі ережелері бұзылған келісімдер қатарына келесілерін жатқызуға болады: ГАТТ, Ауыл шаруашылығы жөніндегі келісімі, Санитарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімі, Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімі, және Импорттық рұқсат беру рәсімдері жөніндегі келісімі.

Жоғарыда аталған барлық келісімдердің ережелері ДСҰ орнататын халықаралық саудадағы құқықтық тәртіпті реттеуге бағытталған, яғни ДСҰ мүше мемлекеттері тиісті нормалармен қорғалған.

Әрине, Қазақстан Республикасының ет және ет өнімдері саудасындағы экспорттық әлеуеті және оны іс жүзінде жүзеге асыру мемлекеттің экономикасына зор үлесін қоса алады. Алайда, халықаралық сауда нарығында мемлекеттердің түрлі саясаты мен әрекеттерінен әр түрлі кедергілер немесе шиеленістер орын алуы мүмкін. Сондықтан мемлекет өзінің құқықтары мен міндеттерін нақты біліуі қажет, және де бұзылған құқықты қалпына келтіру тетігін жетік және тиянақты меңгеруі қажет. Бұл ретте, ДСҰ шеңберіндегі дауларды шешу тәжірибесін зерделеу және талдауының маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Van de Bossche P. From Afterthought to Center-piece. The WTO Appellate Body and its Rise to Prominence in the World Trade System // Maastricht Faculty of Law Working Paper. 2005. Oct. – P. 5.
2. Смбатян А.С. Международные торговые споры в ГАТТ/ВТО: избранные решения (1952-2005 гг.). М.: Волтерс Клувер, 2006. – 344 с.
3. Steger D.P., Hainsworth S.M. World Trade Organization Dispute Settlement: The First Three Years // Journal of International Economic Law. 1998. Vol. 1. Iss. 2. – P. 199-226
4. Смбатян А.С. Всемирная торговая организация: уникальность и адекватность // Право ВТО. 2012. № 1. – 4-11 с.
5. Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 июля 2018 года № 423 «Об утверждении Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017 - 2021 годы» // [электрондық ресурс] URL: https://tengrinews.kz/zakon/pravitelstvo_respubliki_kazahstan_premier_ministr_rk/selskoe_hozyaystvo/id-P1800000423/ [қолжетімділік күні 23.03.2020 ж.]
6. Исполинов А.С. К 20-летию ВТО: критический взгляд на практику Органа по разрешению споров // Торговая политика. 2015. №1. – с. 10-30.
7. Chronological list of disputes cases / WTO Dispute Settlement // The World Trade Organization Official Website // [электрондық ресурс] URL: https://www.wto.org/english/tratop_e/dispu_e/dispu_status_e.htm [қолжетімділік күні 23.03.2020 ж.]
8. Leitner K., Lester S. WTO Dispute Settlement 1995–2013 – a statistical analysis // Journal of International Economic Law. 2014. Vol. 17. No. 1. – P. 191-201.
9. Russian Federation – Measures on the Importation of Live Pigs, Pork and Other Pig Products from the European Union, WT/DS475/AB/R, adopted 21 March 2017
10. WTO Agreement on Agriculture / World Trade Organization Official Website // [электрондық ресурс] URL: https://www.wto.org/english/docs_e/legal_e/14-ag_01_e.htm [қолжетімділік күні 23.03.2020 ж.]

FORMS OF REGIONAL COOPERATION OF STATES IN THE FIELD OF HUMAN RIGHTS

Akhatbek S.,

2 year master's degree student of International law

Supervisor: candidate of law Tatarinov D.V.

The system of universal cooperation of states on human rights is supplemented by various forms of regional cooperation. In some respects, the forms of such cooperation are more effective and provide better protection for fundamental human rights and freedoms.

Human rights are currently the most common reason for the interaction of national legal systems, contribute to the integration of global and regional legal space. The above is due to a number of factors: individuals were able to influence national systems through appeals to interstate bodies for the protection of human rights, hence the protection of human rights ceased to be a matter of exclusive jurisdiction of a particular state; The number of international legal acts that are an integral part of the legal system of a sovereign state and therefore binding on them has increased. In addition, there has been a tendency to unify the mechanisms for protecting human rights, which are now presented at various levels, and therefore are becoming more accessible.

Regional cooperation is carried out mainly within the framework of the Council of Europe, the Organization for Security and Cooperation in Europe, the European Union, the Commonwealth